

2023-2024 оқу жылына арналған педагог-психологтың атқарған жұмыстарының ЕСЕБІ

2023-2024 оқу жылында «Ақбастау жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде ұйымдастырылған психологиялық қызметтің мақсаты - орта білім беру ұйымдарында білім алушылардың психологиялық денсаулығын сақтау, қолайлы әлеуметтік-психологиялық жағдай жасау және білім беру үдерісіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі 2021 жылғы 16 қыркүйектегі No 472 Бұйрығына 1-қосымша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі No 130 бұйрығын басшылыққа ала отырып, 2023-2024 оқу жылының жылдық, айлық жоспары бекітіліп, психологиялық кабинет жабдықталып, сол бойынша жұмыстар жүргізілуде.

«Ақбастау жалпы білім беретін мектеп» КММ де 5 педагог 336 оқушы бар.

336 оқушының әлеуметтік-психологиялық картасы төмендегідей жасалды

Оқушының әлеуметтік статусы	Сыныптар бойынша											Мектеп бойынша
	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	
Тұл жетім	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
Жартылай жетім	1		3	2	1	1	1	2		1		12
Аз қамтамасыз етілген жанұядан шыққан	1		2					2	1			6
Көп балалы жанұядан шыққан	12	15	31	19	18	17	18	19	19	9	8	185
«Д» есептегі оқушылар					1				1		2	4
Үйде оқылатын оқушы	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
Барлығы												207

Оқушылардың психофизиологиялық денсаулығын, дамуын есепке алып, жеке тұлғаның ерекшелігін жан-жақты зерттеп жандүниесін дамыту жұмыстары жүргізіліп, оқушылардың психологиялық денсаулығын сақтау, қолайлы әлеуметтік-психологиялық жағдай жасау және білім беру үдерісіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету мақсатында «Сенім жәшігі» мен «Сенім телефоны» құрылды.



Қыркүйек айында 1 сыныпқа келген оқушылардың мектепке бейімділігін анықтау мақсатында «Менің күн тәртібім», «Дұрыс сәлемдесе білу» тақырыптарында әңгімелесу жұмыстары және «Керн-Иерассик» тесті алынды. Тесттің мақсаты: оқушылардың мектепке даярлығы мен бейімділігін анықтау. Бұл тесттің нәтижесі бойынша: 1 сынып оқушыларының жалпы мектепке лайындық деңгейі жақсы. Оқушылар мектепте оқуға бейім, мектепте оқуға дайындықтары жақсы деңгейде, сынып бойынша қосымша зерттеуді қажет ететін оқушылар анықталған жоқ.

1-сынып оқушыларын психологиялық сүйемелдеу, баланың қабілетін ақыл- ойын дамыту, ертегі айтып оның мағынасын түсіндіру бойынша түзету –дамыту бойынша психологиялық тренинг жүргізілді.

Практикалық бағыт бойынша 1-сынып, және 5-сынып оқушыларының ата- аналарына психологиялық көмек беру және ата- аналарды сабырлыққа, төзімділікке шақыру мақсатында тест, сұрақ- жауап, ойын, тапсырма орындау, сергіту сәті, слайдтар әлістерін қолдана отырып психологиялық алдын алу жұмыстары жүргізілді.



Қыркүйек айында жасөспірімдер арасында өзіне –өзі қол жұмсаудың алдын алу мақсатында пед.ұжымға «Сунцил сакшылары» тақырыбында баяндама оқылды.

Зорлық-зомбылық, құқықбұзушылық, аутодеструктивті мінез құлықтың алдын алу бойыншы 8- 11-сынып оқушыларының өмірге деген бейімділігін, табандылығын және қарым қатынас орнатуды қалыптастыру мақсатында «Менің қолымнан бәрі келеді!» тақырыбында тренинг өтілді



Қазан айында диагностика бағыты бойынша 2-4-сынып оқушыларынан оқу мотивациясын анықтау мақсатында Н.Г.Лусканованың «Оқу мотивациясын зерттеу» әдістемесі алынып талданып жалпы бастауыш сынып оқушыларының оқуға құштарлықтары тұрақты деңгейде екені анықталды . Сынып жетекшіге, ата-анаға түсіндіру жұмысын жүргізіп ұсыныстар айтылды.

5-сынып оқушыларының бастауыш буынан орта буынға бейімделу мақсатында психопрофилактикалық жұмыстар жүргізілді, «Менің сыныбым » тренинг барысында оқушылар өз-өздерін тануға, қарым –қатынастарын дұрыс қалыптастыруға ықпалын тигізу бейімділік ерекшеліктерін нығайтуға бейімделді.



Психопрофилактикалық бағытында 8- 11-сынып оқушыларымен «Мен өмірді таңдаймын» тақырыбында тренинг өтілді. Тренинг мақсаты өзін өзі тану , тұлғалық даму тәсілдерін таба білу, көңіл күйді және эмоцияны реттеу, деструктивті және аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу .

9-сынып оқушылары өз құқықтары мен міндеттері туралы білімін арттыру, адам құқықтарына оқыта отырып түсініктерін қалыптастыру өз міндеттері мен құқықтарын білуге үйрету мақсатында «Менің құқықтарым» тақырыбында тренинг өтілді.

2023-2024 оқу жылының қыркүйек айында «Ақбастау жалпы орта білім беретін мектебі» КММ де «Бестерек» жобасы бойынша пед.ұжымға қайта түсіндіру жұмысы жүргізілді.
Жұмыстың мақсаты: Мектепте аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алуды іске асыру.



«Жастар мен жасөспірімдер арасындағы аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу» мақсатында «Бес терек» жобасына жоспар түзіліп, мектеп психологтары, тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, әлеуметтік педагог, мектеп медбикесі, мектеп инспекторы және сынып жетекшілер бірлесіп жұмыс жасауда.

Қыркүйек-қазан айларында «Бес терек» жобасының І кезеңі кабинеттік талдау жүргізілді.
 2023-2024 оқу жылының «Бестерек» бойынша кабинеттік талдау қорытындысы.

Мектебі	Жалпы оқушы саны	5-11 сынып оқушы саны	Әлеуметтік педагогтың тізімі	Медбике есебінде тұратын оқушылар	Сынып жетекші есебінде тұратын оқушылар	ІДН есебінде тұратын отбасы	ІДН есебінде тұратн оқушы	Тәуекел тобындағы оқушы саны		Жалпы тәуекел саны
								қызыл	сары	
Ақбастау	339	199	21	4	0	0	0	0	3	21
										24

Қараша айында ІІ далалық зерттеу бойынша сынып жетекшілер оқушылардан «Менің арманым», «Менің досым», «Менің отбасым» тақырыбында эссе және мектеп психологтары «Сауалнама І» 5-11 сыныптар арасында жүргізіліп, нәтижесі шығарылып, «тәуекел» тобына 24 оқушы тізімге алынды.
 «Бестерек» жобасы бойынша 7-9сынып оқушыларымен «Менің отбасым сыйластық, жарастық орнаған ортам» тақырыбынды тренинг өткізілді.
 Тренингтің мақсаты: Ата-ананың бала арасындағы қарым қатынасы туралы түсінік беру.
 2023-2024 оқу жылының қараша айында 6-8 сынып оқушылар арасында «Көтеріңкі көңіл күйіңізге қуат беріңіз» тренинг жүргізілді.

Жұмыстың мақсаты: өзін-өзі ашып көрсету үрдісін тереңдету; деңгейсіздік сезімін жеңуге көмектеседі, эмоционалдық көңіл күйді көтеру.



Қараша айында Төлеби АІІБ кәмілетке толмағандар істері жөніндегі бөлімше инспекторымен кездесі өткізілді.

Жұмыс түрі: Кездесу, түсіндірме жұмыс

Жұмыстың мақсаты: Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатындағы кездесу.



Қараша айында 6-8 сынып оқушыларымен аутоагрессияны алдын алу бойынша жұмыс жүргізілді.
Жұмыс тақырыбы: «Өмір сен маған қымбатсың»

Тренинг мақсаты: өзін-өзі тану, тұлғалық даму тәсілдерін таба білу, көңіл күйді және эмоцияны реттеу, деструктивті және аутодеструктивті мінез –құлықтың алдын алу.



Қараша айында мектепте Зорлық зомбылықтың алдын алу бойынша «Зорлық-зомбылықсыз 16- күн» акциясы жүргізілді.

Жұмыс тақырыбы: « Зорлық –зомбылықсыз балалық шақ!

Акция мақсаты: Зорлық-зомбылықтың алдына алу.



2023-2024 оқу жылының желтоқсан айында 8-11 сынып оқушыларымен ашушаңдықтың алдын алу бойынша жұмыс жүргізілді.

Тақырыбы: «Ашуынды тежей біл»

Мақсаты: Оқушылардың өз-өзін ұстау, өз ашуларын тежей білуге үйрету.

Желтоқсан айында 5-11 сынып оқушыларына кибербуллинг және буллингтің алдын алуға арналған қайта түсіндірме жұмыс жүргізілді.

Жұмыстың мақсаты: Кибербуллинг пен буллингтің алдын алу.



2023-2024 оқу жылының қантар айында орта буын оқушыларының ата-аналарымен бірлескен « Мейірімді болса жүрек, орындалады тілек» атты тренинг өткізілді. Жұмыстың мақсаты: Ата-анамен бала арасындағы қарым қатынасты нығайту.



Қантар айында 7-11 сынып қыз балаларымен ерте жүктіліктің алдын алу бойынша жұмыс жүргізілді.

Тақырыбы: «Қыз намысы – ұлт намысы» тәжірибе сабақ

Мақсаты: Келенсіз оқиғалардың алдын алу және қыз балалар арасында кездесетін ерте жүктілік, оның денсаулыққа қаншалықты зиян екендігін түсіндіре отырып қыз бала тәрбиесіне дұрыс көңіл бөлуге акыл-кеңестер беру.

Қантар айында пед. ұжыммен психологиялық тренинг өтілді.

Тақырыбы «Ұжымдағы сыйластық қарым-қатынасы»

Мақсаты: ұстаздардың кәсіби өсуіне, бейімделуге, педагогикалық шеберлігінің қалыптасуына дамуына кенес, көмек беру.

2023-2024 оқу жылының Ақпан айында 7-9 сынып оқушыларына «Интернет желісіндегі кері әсер ететін сайттар жайында түсіндірме жұмыстар мен кибербуллинг, итермелейтін ойындар» туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Түсіндірме жұмысының мақсаты: 7-11 сынып оқушыларына интернет желісіндегі кері әсер ететін сайттар жайында түсіндірме жұмыстар мен кибербуллингтің алдын алу.

Ақпан айында 10 сынып оқушыларына психологиялық тренинг өтілді.



Тақырыбы: «Ашудан қалай құтылуға болады?»

Мақсаты: Оқушыларды өз ашуын басқаруға және эмоциялық тепе-теңдігін сақтап, мінез-құлқын реттей білу дағдыларын қалыптастыруға үйрету.

Ақпан айында 7 сынып оқушыларына психологиялық тренинг өтілді

Тақырыбы: «Өмір қандай тамаша»

Мақсаты: «Өмір», «бақыт» ұғымдарына тереңірек үнілуге ықпал жасау; Өзінде бар құндылықтарды бағалай білуге үйрету.

Бақытқа қол жеткізе алатынына сенім туғызу;
Өмірге құштарлықтарын арттыру;

2023-2024 оқу жылының наурыз айында 8^{а,в} сынып оқушыларына психологиялық тренинг өтілді
Тақырыбы: Стресстен қалай арылуға болады?

Мақсаты: Жағымды көңіл-күй өрісін дамыту, қатысушылардың сезімдерін айта алуға және анықтауға дағдылануды үйрету, стресстен арылу жолдарын үйрету
Наурыз айында «Эмоция және сезім» тақырыбында тренинг өтілді.

Мақсаты: Оқушыларға эмоция мен сезім-адамның айналадағы өмір шындығына тигізер әсері туралы түсінік беру және эмоция мен сезімдерді қалай басқаруға болатындығын үйрету, агрессиясы жоғары оқушыларымен жұмыс.

2023-2024 оқу жылының сәуір айында 5^{а,в} сынып оқушыларына психологиялық тренинг өтілді.

Тақырыбы: «Мені күтіп тұрған болашақ»

Мақсаты: Өзінің қайталанбас тұлға екенін сезіндіру. Адам бойындағы жақсы қасиеттерді көру, адами құндылықтарын бағалау. Бір-бірімен қарым-қатынастарын жақсарту, оларды адамгершілікке, мейірімділікке тәрбиелеу өз-өзіне сенімділігін арттыру. “Мен тұжырымдамасына” саналы түрде көңіл бөлу. Жасөспірімдер арасындағы мазасыздық деңгейлерін азайту, мақсатқа ұмтыла білуге үйрету. Өзін-өзі тану, тұлғалық даму тәсілдерін таба білу, көңіл-күйді және эмоцияны реттеу; байланыс және өзара әрекеттесу мүмкіндігін қамтамасыз ету.



Сәуір айында 9^{а,в} сынып оқушыларына психопрофилактикалық бағыт бойынша психологиялық тренинг өтілді.

Тақырыбы: «Мың мамандық бәрі бар. Таңдап, талғап бірін ал!»

Мақсаты: Мамандық таңдау еркіндігі жағдайында оқушыларға өз мүмкіндіктеріне, қабілеттеріне сәйкес және еңбек нарығының талаптарын ескере отырып, көмек көрсету, кәсіп таңдау мәдениетін қалыптастыру.

Сәуір айында МАД тобыныңан диагностикалық бағыт бойынша Балалардың 1- сыныпқа бейімділігін анықтау. Тақырыбында әдістеме алынып қорытындысы төмендегідей шығарылды.

Қорытынды: Балалардың көбісі дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажырата алады. Тактадан көшіріп жазмамайтындыры да бар. Сөздерді тасымалдай алады. 1-2 баланы қолынан ұстап жаздырады. 6 оқушының коллегиясы нашар. Балалардың барлығы сыныпқа бейімделген. Бір-бірімен қарым-қатынастары жақсы. Психологиялық ахуал жағымды. Мұғалім айтқанын тыңдайды, мұғалім малақтап, марапаттап, өзін-өзі бағалауын көтермелеп отырады. Балалар ондық, бірлік есептерді толық шығара алмайды. Тура және кері санай алады. Сандарды тақ, жұп ажыратады. Салыстырмалы есептерді шығарады. Сергіту сәтіндегі жаттығуды жатқа біледі, қимылдарын бірдей жасай алады.



2023-2024 оқу жылының мамыр айында 8-11 сынып қыздарына (69 оқушы) қыздар жиналысы өтілді. Жиналыс барысында «Ертежүктілік өміріңе қауіпті» атты видеоролик көрсетілді. «Қазак қыз балаларының отбасындағы тәрбиесінің өзекті мәселелері» баяндама оқылды, «Қызға қырық үйден тыйым» жаднамаларын таратылып, әр түрлі мәселелер қаралып өтілді.

- Мамыр айында 9-11 сынып оқушыларының бейімділіктерінің кәсіби диагностикасы бойынша сауалнама жүргізілді. Мақсаты: оқушылардың бағыт бағдарын анықтау. Сауалнамаға 9 сынып оқушылары қатысып, оқушылардың жаратылыстану-математикалық, қоғамдық – гуманитарлық бағыттары анықталынды. 11 сынып оқушыларымен «Менің таңдаған мамандығым» сауалнамасы жүргізілді. Мақсаты: мектеп түлектерінің қай салаға қызығушылықтарын анықтау. Сауалнамаға 11

сынып оқушылары қатысты, сауалнама қорытындысы бойынша мектеп түлектері мамандықтарын таңдап, мамандыққа қажетті ақпараттармен танысып, бейімдік таңдау пәндерін анықтап қойған. Мамандық таңдауда қателеспеу керектігін және осы таңдаған мамандықтарын өзгертіптіңдіктерін сауалнама барысында нақты көрсетті.

Мамыр айында 9-11 сынып оқушыларына мемлекеттік емтиханның алдында «Стресті қалай жеңуге болады?» кеңес беру жұмысы жүргізілді.

Оқушыларға күнделікті өмірде, сабақта, емтихан алдында, барысында туындаған стресттік жағдайдан шығу жолдары туралы ақпарат берілді. Стресттік жағдайдан шығу жолдары туралы жаднама таратылды.

2024-2025 оқу жылына қойылатын міндеттер:

Мектеп оқушыларының психологиялық денсаулығын сақтау, қолайлы әлеуметтік-психологиялық жағдай жасау және білім беру үдерісіне қатысушыларға қолдау көрсету.
2024-2025 оқу жылында жана жоспармен жұмыс атқару:

«Бестерек » жобасын жандандыру :

Такырыптық тренингтер, жаттығулар арқылы түзету- дамыту жұмысын жүргізу.

Педагог-психолог:  Г. Садвакасова